

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Нұржан Гүлдана Маратқызы

Қызылорда қаласы, Сәулет мөлтек ауданының сарқынды су әкету жүйесі

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд., асоц.проф.

К.К. Алимова
К.К. Алимова

« 20 » 05 2019ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Қызылорда қаласы, Сәулет мөлтек ауданының сарқынды су әкету жүйесі»

Мамандығы 5В080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

Орындаған

Нұржан Г.М.

Жетекші

техн.ғыл.канд., лектор

А.Н. Хойшиев
Хойшиев А.Н

« 17 » 11 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд., асоц. проф.


К.К. Алимова

« 07 » 02 2019ж.




**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Нұржан Гүлдана Маратқызы
Тақырыбы: «Қызылорда қаласы, Сәулет мөлтек ауданының сарқынды су әкету жүйесі»
Университет Ректорының 2018 жылғы «30» қазан №1210-б-бұйрығымен бекітілген
Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2019 жылғы «30» сәуір
Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Халық саны, елді-мекеннің жер аумағы, климатологиясы берілген.
Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі
а) Негізі бөлім;
б) Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы;
в) Экономикалық бөлім.
Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)
1) Қаланың бас жоспары су әкету торабымен;
2) Бас коллектордың бойлық профилі;
3) Су тазалау ғимараты бас жоспары;
4) Су тазалау ғимаратының бойлық профилі;
5) Құрылыс технологиясы.
Ұсынылатын негізгі әдебиет 15 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	12.02.2019-30.03.2019	орындалды
Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	01.04.2019-16.04.2019	орындалды
Экономикалық бөлім	16.04.2019-30.04.2019	орындалды

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі(ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған мерзім	Қолы
Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	А.Н.Хойшиев, техн.ғыл.канд.,лектор	17.05.19	
Экономикалық бөлім	А.Н.Хойшиев, техн.ғыл.канд.,лектор	17.05.19	
Норма бақылау	А.Н.Хойшиев, техн.ғыл.канд.,лектор	17.05.19	


Жетекші

 Хойшиев А.Н.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

 Нұржан Г.М

Күні

«17»  2019ж.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жалпы сипаттама	8
1.2 Су әкету жүйелерін жобалау және есептеу	8
1.3 Сарқынды судың шығын мөлшері	9
1.4 Өнеркәсіп орындарының сарқынды суының есептік шығындарын анықтау	12
1.5 Тазалау ғимаратының есептік сарқынды судың көлемін анықтау	13
1.6 Сарқынды су құбырларының гидравликалық есебі	18
1.7 Кәріз құбырлары мен коллекторлары	18
2 Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	24
2.1 Сарқынды суды жинау бассейндері	24
2.2 Құбырлардың тарту тереңдігін табу. Максималдық және минималдық тарту тереңдіктері	24
2.3 Құбыр салынатын ордың тереңдігін анықтау	25
3 Экономикалық бөлім	27
ҚОРЫТЫНДЫ	29
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	30
ҚОСЫМША	31

АНДАТПА

Дипломдық жұмыста Қызылорда қаласы, Сәулет мөлтек ауданының сарқынды су жүйесін әкету қарастырылады. Жұмыстың басты мақсаты- жобаланғын ауданды экологиялық және технико-экономикалық жағынан тиімді ұзақ жұмыс атқаратын, құны төмен құрылыс объектілермен жабдықтау. Осының нәтежесінде белгіленген жердің геологиялық және гидрологиялық жағдайына негізделіп канализация құбырларына, канализациялық сорап станцияларына және тазарту станцияларына есептеулер жүргізіледі. Тұрмыстық және өндіріс орындарынан шыққан сарқынды суды тазалаулардын өткізіп, техникалық мақсатта пайдалану жоспарлануда.

АННОТАЦИЯ

В дипломной работе рассматривается водоотведение сточных вод в микрорайоне Саулет, города Кызылорда. Основная цель работы-оснащение проектируемого района экологически и технико-экономическими эффективными долговечными строительными объектами с низкой стоимостью. В результате , исходя из геологического и гидрологического состояния обозначенных земель, производятся расчеты канализационных труб, канализационных насосных станций и очистных станций планируется провести очистку и использование в технических целях бытовых и производственных сточных вод.

ABSTRACT

The research paper examines the allocation of sewage in microdistrict Saulet, of the city of Kyzylorda. The main purpose of the work is to equip the designed area with environmentally and technically and economically effective long-term construction projects with low cost. As a result , based on the geological and hydrological condition of the designated land, the calculations of sewer pipes, sewage pumping stations and treatment plants are made.It is planned to clean and use domestic and industrial wastewater for technical purposes.

КІРІСПЕ

Жұмыстың мақсаты «Қазақстан-2030» даму стратегиясының «Экологиялық қауіпсіздік бөлімінде» қоршаған орта мен қоғам арасында үйлесімділікке жетуі және Қазақстан Республикасының табиғат қорғау қызметінің негізгі приоритеті болып табылатын экологиялық қолайлы тіршілік ортасын дамыту жолдары қарастырылған. Қоршаған орта сапасын жақсарту үшін республикада «Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздік концепциясы», «Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі», «Қазақстан Республикасының тұрақты даму стратегиясы» және басқа да табиғи ресурстарды қорғау және тиімді пайдалану бойынша мөлшерлік-әдістемелік және құқықтық құжаттар қабылданды.

Қазақстан су ресурстары тапшы аймақтарға жатады. Дегенмен, соңғы онжылдықта республиканың су ресурстарының антропогенді факторлар әсерінен ластануы байқалуда, олардың ең қауіптілері – дұрыс тазартылмаған немесе тазартылмаған төгінді сулар. Көптеген тұрғын аймақтарда төгінді суларды тазартылуының қазіргі жағдайы экологиялық және санитарлы-гигиеналық талаптарға сәйкес емес. Мемлекет экономикасының аймақтық-өнеркәсіптік кешендер, аймақтар мен аудандар кесіндісінде дамуы көптеген жағдайда су ресурстарының жағдайына байланысты. Бұл әсіресе шөл және шөлейтті аймақта орналасқан Қызылорда облысында байқалады. Су ресурстарын қорғау және тиімді пайдаланудың нақты әдісі болып суды тазалау технологиясын енгізу, төгінді суларды тазарту және қайтадан қолдану болып табылады. Бүгінгі күнде төгінді суларды тазартудың кеңінен орын алған әдісі – бұл сарқынды суларды механикалық және биологиялық тазарту. Өткен ғасырдың ортасында, ғылымның, техника және технологияның даму кезеңінде төгінді суларды индустриалды әдістеріне, оның ішінде қымбат және шығынды болып табылатын жасанды биологиялық әдістерге көп көңіл бөлінді.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жалпы сипаттама

Қазақстан Республикасының Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Сәулет мөлтек ауданы.

Климаты

Ауданның климаты өте құбылмалы: жазы өте құрғақ және ыстық, ал қысы суық және қар аз жауады.

Шілде айы өте ыстық, оның орташа температурасы плюс 25,7 градус.

Шілде айындағы ең жоғарғы температура плюс 46 градус.

Қаңтар айы ең суық ай, оның орташа температурасы минус 9,3 градус.

Қаңтар айының ең төменгі температурасы минус 38 градус.

Аязсыз мерзім ұзақтылығы 178 күнді құрайды.

Бір жылдық жауын шашын мөлшері 121 мм-ді құрайды. Жел мерзімінің жауыны бір қалыпты емес келеді. Қыс көктемдік мерзімде 69 мм жауын шашын кездесе, жаз кезінде 52 мм-ді жалпы құрайды.

Геологиялық және гидрогеологиялық жағдайы

Алаңның жер бедері тегіс абсолюттік белгісімен 128–127 метр. Алаңның геологиялық құрылысында саз балшық, шаң, топырақ кездеседі. Шөгінділердің үсті 0,1 метр қуаттылығымен, топырақ өсімдік қабатымен жабылған. Тығыздығы – 1,5 т/м³. Алаң ызалылығы тұздалмаған, бетон мен темірге, көмірқышқыл және сульфат агрессивтігімен күшейтілген. Төменде алаңның геологиялық қимасы көрсетілген.

0,0–0,8 сұр қоңырлы суглинкасы, жартылай қаттыдан жұмсақ пластика консистенциясына дейін және сулы құмдақ қабатымен. 0,8–1,9 сарғыштау сұрлы супесі, сұрлы тығыз, ылғалдыдан су қаныққанға дейін, шаңды, тұздалған, суглинкамен жіңішке қабатталған. 1,9–2,8 майда құм, шаңды, сазды, тығыз, ылғалды. 2,8–5,7 саз балшығы қоңыр, ашық қоңыр, жартылай қаттылығынан жұмсақ консистенциясына дейін. 5,7–100 құм сары сұрлы, шаңды, саз балшығымен.

1.2 Су әкету жүйелерін жобалау және есептеу

Халықтың есептік санын деп болжау кезеңінің аяғында қалада немесе елді мекендердегі тұратын тұрғындардың санын айтамыз.

Қалаларға елді мекендерге болжау кезеңі жобалау бедерлеу негізінде қабылданады. Жобалау кезеңі қалараға алдын ала беріледі. Оны 20–25 жылға тең қабылдайды. Ал кәсіпорынның болжау кезеңі өндірістің толық өнімділігіне шыққан уақыт қабылданады.

Халықты болжау санынадам, келесі формуламен анықтаймыз:

$$N = \sum P \cdot F \cdot \beta, \quad (1)$$

мұндағы $\sum P$ —халық тығыздығы, адам/га;

F —кварталдар көлемі, га;

β —канализацияның қызмет ету коэффициенті.

1.3 Сарқынды судың шығын мөлшері

Сарқынды судың шығын мөлшері деп бір адамға келтірілген, ал өнеркәсіп орындары үшін әрбір шығарған өнімге келтірілген сарқынды су шығынын айтамыз.

Тұрмыстық сарқынды су шығын мөлшерлері тұрғын үйлер салынған аудандарда олардың абаттандырылу дәрежесіне сәйкес қабылданады және климаттық, санитарлы-гигиеналық және т.б. жергілікті жағдайларға байланысты.

Сарқынды су шығынының біркелкісіздік коэффициенті

Сарқынды су шығыны жыл ішіндегі тәуліктерде және тәулік ішіндегі сағаттарда тербермелі, әртүрлі болады. Осы тербелудің негізгі сипаттамсы болып біркелкісіздік коэффициенті болып табылады. Біркелкісіздік коэффициенті сағаттық, тәуліктік, жалпы біркелкісіздік коэффициенті болып бөлінеді. Біркелкісіздік коэффициентінің мәні қала үлкен болса аз, ал неғұрлым кіші болса көп болады.

Тәуліктік біркелкісіздік коэффициенті:

$$K_1 = \frac{Q_{\max}}{Q_{\text{mid}}} = \frac{8153,42}{6794,52} = 1,2 \quad (2)$$

мұндағы Q_{\max}, Q_{mid} —жыл ішіндегі максималды және орташа тәуліктік шығындар, м³.

Тәуліктік біркелкісіздік коэффициенті тек қаланың тұрмыстық сарқынды су шығынын бағалауға қолданылады. Ол жергілікті жағдайларға байланысты 1,1–1,3-ке тең.

Сағаттық біркелкісіздік коэффициенті:

$$K_2 = \frac{q_{\max}(m)}{q_{\text{mid}}(m)} = \frac{124000}{103333,33} = 1,37 \quad (3)$$

мұндағы $q_{\max}(m), q_{\text{mid}}(m)$ — тәулік ішіндегі максималды және орташа сағаттық сарқынды су шығыны, м³.

Жалпы біркелкісіздік коэффициенті:

$$K_{\text{dep.max}} = K_1 \cdot K_2 = 1,2 \cdot 1,37 = 1,65 \quad (4)$$

Қала тұрғындарының сарқынды суының шығынын анықтау

Елді мекеннің немесе бір ауданның тұрмыстық сарқынды суының шығынын оларға берілген суды әкету мөлшерімен q_b (жыл ішіндегі орташа тәуліктік) немесе $q_{b.max}$ (суды әкетудің ең жоғары тәулігінде) келесі формулалар бойынша анықталады:

$$Q_{\text{mid}} = \frac{q_b \cdot N}{1000} = \frac{200 \cdot 12400}{1000} = 2480 \text{ м}^3/\text{тәу.}, \quad (5)$$

мұндағы Q_{mid} —орташа тәуліктік шығын, $\text{м}^3/\text{тәу}$

N —тұрғындар саны, адам.

Есептеулер нәтижелері А.1—кестеде көрсетілген.

Егер суды әкету мөлшері қаланың әр ауданында әртүрлі болса, онда тәуліктік шығынды анықтау мына формула бойынша жүргізіледі:

$$Q_{\text{mid}} = (q_1^b \cdot N_1 + q_2^b \dots + q_n^b \cdot N_n) \cdot 0,001, \quad (6)$$

мұндағы q_1^b, q_2^b —әр аудандағы суды әкету мөлшері, $\text{м}^3/\text{тәу}$;

N_1, N_n —сол аудандағы тұрғындардың саны, адам.

Ең жоғары максималды тәуліктік шығын келесі формуламен де анықталады:

$$Q_{\text{max}} = Q_{\text{mid}} \cdot K_1 = 2480 \cdot 1,2 = 2976 \text{ м}^3/\text{тәу.}, \quad (7)$$

мұндағы K_1 — тәуліктік біркелкісіздік коэффициент.

Максималды сағаттық және секундтық шығын келесі формуламен анықталады:

$$Q_{\text{max(m)}} = \frac{q_b \cdot N}{24 \cdot 1000} \cdot K_{\text{ден.max}} = \frac{200 \cdot 12400}{24000} \cdot 1,65 = 170,5 \text{ м}^3/\text{сағ.}, \quad (8)$$

$$q_{\text{max}} = q_{\text{mids}} \cdot K_{\text{ден.max}} = 28,7 \cdot 1,65 = 47,36 \text{ л/с}, \quad (9)$$

$$q_{\text{max}} = \frac{q_b \cdot N}{86400} = \frac{200 \cdot 12400}{86400} = 28,70 \text{ л/с}, \quad (10)$$

мұндағы $K_{ден.маx}$ —жалпы біркелкісіздік коэффициенті.

$q_b, K_{ден.маx}$ —анықтауда ҚН нұсқауларын қолдану керек.

Суды әкету құбырларын есептеу және жобалау кезінде есепті шығынды $K_{ден.маx}$ ескере отырып орындау керек.

А.2—кестеде есептеулер нәтижелері көрсетілген.

Есептік шығындарды келесі тәсілдер бойынша да анықтауға болады:

а)салынатын жүйенің меншікті көлеміне келетін тұрғындар саны бойынша, яғни тұрғындар тығыздығы бойынша;

ә)сарқынды суды әкету модулі,яғни 1 га ауданға келетін меншікті шығын бойынша.

Сарқынды суды әкету модулін мына формула бойынша табамыз:

$$q_0 = \frac{q_b \cdot P}{66400} = \frac{200 \cdot 51}{66400} = 0,15 \text{ л/с. га.}, \quad (11)$$

мұндағы q_0 — суды әкету модулі, л/с.га.

Тұрмыстық су құбырына сарқынды су науайы мақсаттағы ғимараттардан да қабылданады. Оларға моншалар, мектеп және оқу орындары, мейрамханалар, асханалар жатады. Олардағы сарқынды судың шығыны тұрғын үйлердегі тұрғылықты тұрғындарға мөлшерленген су әкету мөлшеріне сай құралады.

Науайы мақсаттағы ғимараттардан шыққан шоғырланған шығын келесі теңдеумен анықталады:

$$Q_{шоғ} = \frac{q_{шоғ}^1 \cdot N_1 + q_{шоғ}^2 \cdot N_2 + \dots + q_{шоғ}^n \cdot N_n}{1000(N_1 + N_2 + \dots + N_n)} = 0,022 \text{ м}^3 \quad (12)$$

мұндағы $q_{шоғ}^1$ —сарқынды су шығынының әрбір көрсеткіші үшін берілген мөлшері.

Қалдық сарқынды су шығынның мөлшері:

$$q_{б.қал} = q_b - \frac{Q_{шоғ} \cdot 1000}{N} = 200 - \frac{0,14 \cdot 1000}{12400} = 199,9 \text{ л/тәу.}, \quad (13)$$

мұндағы $Q_{шоғ}$ —науайы мақсаттағы ғимараттардан шыққан шоғырланған шығын, м³;

$q_{б.қал}$ – қалдық сарқынды су шығын нормасы, л/тәу.

Елді мекеннің тәуліктік есептік су шығын және науайы мақсаттардағы су шығыны А.3— кестеде есептелінген.

1.4 Өнеркәсіп орындарының сарқынды суының есептік шығындарын анықтау

Өндіріс орындарында сарқынды судың үн категориясы пайда болады: өндірістік, шаруашылық-тұрмыстық және душтың (сусебер) сулары.

Өндірістік сарқынды сулар

Өндірістік сарқынды сулардың есептік шығынын технологтардың зерттеулерімен анықтайды. Мұндай мағлұматтар болмаған жағдайда меншікті шығынмен, яғни 1 тонна өнімге, 1 агрегатқа берілген шығын шағаратын өнім м³/тәу. көлеміне немесе агрегат саны бойынша анықталады. Шығынды анықтау мына формулалармен жүргізіледі:

$$Q_{\text{өнд}}^{\text{өнд}} = \frac{m \cdot \Pi}{1000}, \quad (14)$$

$$Q_{\text{max.s}}^{\text{өнд}} = \frac{m \cdot \Pi \cdot K_1}{T \cdot 3600}, \quad (15)$$

мұндағы m – тонна өнімге келетін сарқынды судың меншікті шығыны, л;
 Π – өндірістің тәуліктік өнімділігі;
 Π_a – өндірістің ауысымдағы ең жоғары өнімділігі;
 T – су әкетудің біркелкісіздік коэффициенті, оны өндірістің саласы мен технологиясына байланысты қабылдайды.

Шаруашылық – тұрмыстық сарқынды су

Өндірістегі тұрмыстық сарқынды су шығынын өндірісте жұмыс істейтін жұмысшылар санына байланысты анықтайды. Есептік шығын ең жоғары ауысымдағы салқын және ыстық цехта істейтін жұмысшыларға арналған су әкету мөлшері м³/тәу., бойынша келесі формуламен анықталады:

$$Q_{\text{max}} = - \frac{25 \cdot N_3 \cdot K_1 \cdot N_4 \cdot K_2}{T \cdot 1000}, \quad (16)$$

$$Q_{\text{max}} = \frac{25 \cdot N_3 \cdot K_1 + 45 \cdot N_4 \cdot K_2}{T \cdot 3600}, \quad (17)$$

мұндағы N_1, N_2, N_3, N_4 – тәуліктегі жұмыс істейтін жұмысшылар саны;
 K_1, K_2 – салқын және ыстық цехта сәйкес сағаттық біркелкісіздік коэффициенттері, олар 3,0 және 2,5 – ге тең;
 T – жұмыс сағаттарының саны, сағат.

Сусебердің душтардың сарқынды суы

Өнеркәсіп орындарындағы сусеберлерден келетін есептік шығынды әр ауысымнан кейінгі 45 минут ішіндегі әрбір сусеберлік тордан 500 с/сағ. Су әкетіледі деп есептелінеді. Сусеберлік тордың санын өндіріс орнының

категориясына және максималдық ауысымдағы жұмысшылар санына байланысты қабылдайды.

Максималдық ауысымнан кейінгі сусебердің сағаттық максималдық шығыны мынаған тең:

$$q_{\text{ауыс}}^{\text{сусебер}} = \frac{500 \cdot C \cdot 45}{60}, \quad (18)$$

мұндағы C – сусебер саны.

Максималдық ауысымдағы секундтық шығын:

$$q_{\text{ауыс}}^{\text{сусебер}} = \frac{500 \cdot C \cdot 45}{60 \cdot 2700}. \quad (19)$$

Өнеркәсіп орындарынан шығатын сарқынды судың шығынын қосымшадағы А.4-кестеде есептеу нәтижелері көрсетілген.

1.5 Тазалау ғимаратының есептік сарқынды судың көлемін анықтау

Канализациялық тазарту станциясына түсетін бір жылдық орташа тәуліктік шығыны былай анықталады:

$$Q = \left(\frac{12330 \cdot 200 \cdot 1,05}{1000} \right) + 7,415 = 2600 \text{ м}^3 / \text{тәу}. \quad (20)$$

мұндағы 1,05 – өндірістік шаруашылықтағы төгінді судың есепке алынбаған шығын коэффициенті;

7,415 – өндірістік төгінді су шығыны.

Талқандағыш тор

Талқандағыш тор – төгінді тұрмыстық және өндірістік төгінді лас судағы рН 6 –8-ге дейінгі мәні бар және ірі қоқыс қалдықтарды ұстап, тақандау үшін арналған. Талқандағыш тордың орнатылуы канализациялық тазарту имарат комплексінде қарастырылған:

902–2–308 типтік жобадан қабылдаймыз. 2 – шығыр, 2 – талқандағыш тордан сонда 3-і жұмысшы, 1-і резервтегі.

Қазіргі жобада екі шығыры құрылымы құрастырылғын 2–тор талқандағышымен КРД–40М маркалы әр шығырда орнатылған. 4-тор талқандағышының 3-і жұмысшы, 1-і резервті тор болып табылады. 1 тор талқандағышының максималды өндіру шығыны КРД – 40М $1670 \text{ м}^3 / \text{сағ}$.

Құмұстағыштың есебі

Сарқынды су құрамында ерітілмеген минералдар болады құм,шлак және т.б Судағы минералды және органикалық заттар,тұндырғыштағы суды тазарту процесіне кері әсер етеді.

Құм ұстағыштың қимасының ауданы:

$$\omega = \frac{q}{v \cdot n} = \frac{0,03}{0,2 \cdot 1} = 1,7 \quad (21)$$

мұндағы v – су қозғалысының орташа жылдамдығы, 0,2 м/с;

n – бөлімдер саны.

Орта сызық бойынша құм ұстағыш шеңберінің ұзындығы:

$$L_c = \frac{1000 \cdot k \cdot H \cdot v}{u_0} = \frac{1000 \cdot 1,3 \cdot 0,6 \cdot 0,2}{24,2} = 6,45 \quad (22)$$

мұндағы u_0 – құмның гидравликалық ірілігі, 24,2 мм/с;

k – құм ұстағыш түріне байланысты коэффициент, 1,3;

H – құс ұстағыштың ағын бөлігінің тереңдігі, 0,6 м.

Құм ұстағыш орташа диаметрі:

$$D_0 = \frac{L_c}{\pi} = \frac{6,45}{3,14} = 2,05 \quad (23)$$

$D_0 = 2,5$ м қабылдаймыз, ал сақиналы науа ені $B_n = 500$ мм.

Құм ұстағыштан кейін пайда болған тұнба мөлшері:

$$Q_{\text{тұн}} = \frac{q_c \cdot (C_{\text{ен}} - C_{\text{ех}})}{(100 - p_{\text{тұн}}) \cdot \gamma_{\text{тұн}} \cdot 10^4} = \frac{121 \cdot (600 - 510)}{(100 - 60) \cdot 1,5 \cdot 10^4} = 0,02 \quad (24)$$

мұндағы q_c – сарқынды су шығыны, м³/сағ;

$C_{\text{ех}}$ – құм ұстағыштан өткен сарқынды судағы қалқыма заттар концентрациясы, 510 мг/дм³;

$C_{\text{ен}}$ – құм ұстағышқа түскен сарқынды судағы қалқыма заттар концентрациясы, 600 мг/дм³;

$p_{\text{тұн}}$ – тұнба ылғалдылығы, 60%;

$\gamma_{\text{тұн}}$ – тұнба тығыздығы, 1,5 т/м³.

902–2–409.80 типтік жоба бойынша құм тұтқыш қабылдаймыз. Диаметрі 6 метр болатын 2 құм тұтқыш 2 бөлімді:

Құм тұтқыштағы ұсталатын құм көлемі – 0,24 м³/тәу.

Радиалды бірінші тұндырғыш

Радиалды I-ші тұндырғыштар төгінді лас судағы ерімеген заттарды ұстап сүзу, тұндыру үшін және биологиялық, физико-химиялық тазартуға түсетін төгінді суларды мөлдірету үшін қызмет етеді.

Максимальды сағаттық құйылу шығыны – 108,33 м³/сағ.

Өлшенген заттар концентрациясы – 226 мг/л.

Тұндырғыш тереңдігі 902-2-473.83 типтік жоба бойынша қабылданды.

Араластырғыш есебі

Араластырғыш тазаланып жатырған суда реагенттердің тең бөлінуіне қызмет етеді. Араластыру тез және 1–5 минут аралығында өту керек. Тік тұндырғыш алдында тазаланып жақан суға коагулянт енгізілгендіктен, өңдеу кезінде ұлпа түрінде шығынның 10 пайыз мөлшерінде қосымша тұнбалар түседі. Сарқынды су шығыны аз болғандықтан сағаттық шығыны 121 м³/сағ болатын 1 араластырғыш қабылдаймыз.

Араластырғыштың жоғарғы жағының көлденең қимасының ауданым² келесі формуламен анықталады:

$$f_{\text{ж}} = \frac{Q_{\text{сағ}}}{v_{\text{ж}}} = \frac{103,3}{90} = 1,47 \quad (25)$$

мұндағы $v_{\text{ж}}$ —жоғары көтерілеін су жылдамдығы, 90–100 м/сағ аралығында.

Араластырғыштың төменгі бөлігіне тазаланған суды жіберетін құбыр диаметрі:

$$d = \sqrt{\frac{4 \cdot Q_{\text{сағ}}}{\pi \cdot v \cdot 3600}} = \sqrt{\frac{4 \cdot 103,3}{3,14 \cdot 1,2 \cdot 3600}} = 0,3 \text{ м} = 300 \text{ мм} \quad (26)$$

мұндағы v – тазаланған суды беру жылдамдығы, 1,0 – 1,2 м/с.
Араластырғыштың толық көлемі, м³:

$$W = \frac{Q_{\text{сағ}} \cdot t}{60} = \frac{103,3 \cdot 2}{60} = 3,44 \quad (27)$$

мұндағы t – су мен реагенттің араласу ұзақтығы, 1 – 2 мин тең.
Су әкету құбырының диаметрі:

$$d = \sqrt{\frac{4 \cdot Q_{\text{сағ}}}{v_{\text{э.к}} \cdot \pi \cdot 3600}} = \sqrt{\frac{4 \cdot 103,3}{0,9 \cdot 3,14 \cdot 3600}} = 0,40 \text{ м} \quad (28)$$

мұндағы $v_{\text{э.к}}$ – әкетуші құбырдағы жылдамдық, 0,8 – 1 м/с.

Аэротенктер

Аэротенктер төгінді лас суларды толық және жартылай биологиялық тазарту үшін арналған.

Типтері әртүрлі аэротенктерді қаланың төгінді лас сулары мен өндірістік төгінді лас суларды биологиялық тазалау үшін қолдану қажет.

Аэротенктерді дербес құрылыстар ретінде және жинақталған кондырғылардың (аэротенктер-тұндырғылар, мембраналы биореакторлар,

флотенктер және т.б.) құрамында қолдануға болады. Ығыстырғыш принципі бойынша жұмыс істейтін аэротенктерді токсиндік заттар дүркін түспейтін кезде, сондай-ақ екі сатылы тазалау тәсілінің екіншісінде қолданған жөн. Аэротенктер-тұндырғылар типті (аэроакселераторлар, окситенктер, флототенктер, аэротенктерашықтандырғыштар және т.б.) жинақталған құрылыстарды негізделген жағдайда биологиялық тазалаудың кез келген сатысында пайдалануға болады.

Екі коридорлы аэротенк монолитті темір бетоннан жасалынады. Коридор өлшемі 6–4,6–5,4 метр, 3 секциялы аэротенк 902–2–397.86 типтік жобаны қолданумен орындалған, тұрмыстық және өндірістік төгінді лас судың қоспасын биологиялық тазарту үшін арналған.

Аэротенкке түсетін мөлдірленген төгінді судың ластану концентрациясы $BPK_{\text{тол}}=205$ мг/л.

Өткізу қабілеті аэрация уақытымен есептелген 7 сағат. Аэротенкінің жұмысшы көлемі 14904м^3 тең. Аэротенк жобасы ыдыратылған төгінді лас суды қабылдауға арналған және циркуляциялайтын белсенді лайды қабылдауға бейімделген.

Аэротенк секциясы қатар жұмыс істеумен тұрады, жоғарғы және төмен қарату арналарымен біріктірілген. әрбір секция өзімен бірге резервуар, екі коридорға бөлінген бөгет, лай қоспасын аэрациялайтын аспабы, қалқанды ысырмасымен, қосылған ауаны құбырмен жіберу системасы, суларды, белсенді лайды қызмет етіп жатқан жерлерге жуықтап келу үшін көпіршелерді ұсынады.

Бірінші сатылы радиалды тұндырғыш есебі

Тұндыру процесі сарқынды судағы тығыздығы судан жоғары қоспаларды оңай әрі арзан әдіспен бөліп шығарады. Дипломдық жұмыста сарқынды су шығынына байланысты ортадан қабылдайтын тік тұндырғыш қолданамыз. Мөлдірлетінген су перифериялы жинағыш науада жиналады, ал майлы бөлшектер сақиналы науады жинақталады. Тұндырғыштарының саны - 2.

Ортаңғы құбыр диаметрін анықтаймыз:

$$d_o = \sqrt{\frac{4 \cdot q_c}{\pi \cdot v_o \cdot n}} = \sqrt{\frac{4 \cdot 0,03}{3,14 \cdot 0,03 \cdot 2}} = 0,7 \quad (29)$$

мұндағы v_o – ортадағы құбырдың ағын қозғалысының жылдамдығы, 0,003 м/с кем болмау керек.

Тұндырғыш диаметрі келесі формуламен анықталады:

$$D = \sqrt{\frac{4000 \cdot q_c}{\pi \cdot n \cdot k \cdot (U_0 - v_{tb})}} + d_o^2 = \sqrt{\frac{4000 \cdot 0,03}{3,14 \cdot 2 \cdot 0,35(4,13 - 0,1)}} + 0,49 = 5,3 \quad (30)$$

мұндағы k – ағынды бөлігінің көлемінің қолданылу коэффициенті, 0,35;
 U_0 – гидравликалық ірілігі, 4,13 мм/с;

v_{tb} – турбулентті құраушы жылдамды, 0,1 мм/с тең.

Тұндырғыштан шыққан сарқынды су құрамындағы қалқыма заттар концентрациясы:

$$C_{ex} = C_{en} \cdot \frac{\Delta \cdot C_{en}}{100} = 51 \cdot \frac{90 \cdot 51}{100} = 5,1 \text{ мг/дм} \quad (31)$$

мұндағы Δ – мөлдірлету әсері, 90 пайыз;

C_{en} – тұндырғышқа түсетін сарқынды судағы қалқыма заттар концентрациясы, 51 мг/дм³.

Тазартылған төгінді суларды залалсыздандыру

Төгінді судағы потогенді микробтарды жою үшін хлормен залалсыздандыру қажет.

Сонда максималды сағатты шығыны мынадай болады:

$$Q_{\text{max.сағ.}} = \frac{Q_{\text{тәу.}} \cdot k_{\text{max}}}{24} = \frac{2600 \cdot 1,65}{200} = 178,75 \text{ м}^3/\text{сағ.} \quad (32)$$

Суды деинфекциялауға хлор дозасын қабылдаймыз $D_{\text{хл}}$ – 3г/м³ максимальды шығынға 1 сағатқа хлор шығыны:

$$Q_{\text{хл.}} = \frac{Q_{\text{max.сағ.}} \cdot D_{\text{хл}}}{1000} = \frac{178,75 \cdot 3}{1000} = 0,53 \text{ м}^3/\text{сағ.} \quad (33)$$

Тәуліктік хлор шығыны:

$$Q_{\text{хл.}} = \frac{Q_{\text{тәу.}} \cdot D_{\text{хл}}}{1000} = \frac{2600 \cdot 3}{1000} = 7,8 \text{ м}^3/\text{тәу.} \quad (34)$$

Төгінді сумен хлордың араласуы үшін контактілі резервуар жобалаймыз, резервуар көлемі:

$$V = \frac{Q_{\text{max.сағ.}} \cdot T}{60} = \frac{178,75 \cdot 30}{60} = 89,4 \text{ м}^3, \quad (35)$$

мұндағы T – 30 мин хлормен судың араласу уақыты.

Контактілі резервуар төгінді судың қозғалыс жылдамдығы $V=10$ мм/метр Резервуар ұзындығы мына формуламен табылады:

$$L = \frac{V \cdot T}{1000} = \frac{89,4 \cdot 30}{1000} = 2,68 \text{ м.} \quad (36)$$

Алаңның көлденең қиылысы:

$$W = \frac{V}{L} = \frac{89,4}{2,68} = 33,35 \text{ м}^2. \quad (37)$$

Тереңдігі $H=2,8$ метр және әр секция ені 6 метр. Секция саны мынадай болады:

$$n = \frac{W}{b \cdot H} = \frac{33,35}{2,8 \cdot 6} = 2(38)$$

1.6 Сарқынды сүзгілерінің гидравликалық есебі

Канализациялық құбырлардағы сарқынды судың ағу режимдері

Канализация торабымен тасымалданатын сарқынды судың құрамында көп мөлшерде органикалық еріген және минералдық еріменген қоспалар болады. Ерімеген қоспалар массасы құрғақ зат бойынша тәулігіне бір адамға 0,065 кг шамасында болады. Жылдамдық аз болғанда, құбырға бұл заттар тұнба түрінде түсіп, оның өткізу қабілетін түсіреді немесе кейде бітеліп қалуы мүмкін.

Ағын режимінің қозғалысының сипаттамасы болып өлшемсіз Рейнольдс саны, Re саналады. Re саны толық толған құбырлар үшін:

$$Re = \frac{v \cdot d}{\nu} = \frac{v \cdot 4R}{\nu}, \quad (39)$$

мұндағы Re – Рейнольдс саны;

v – сұйықтың орташа қозғалыс жылдамдығы, м/с;

d – құбыр диаметрі, м/м;

ν – сұйықтың тұтқырлығының кинематикалық коэффициенті.

1.7 Кәріз құбырлары мен коллекторларының кесінді қималары

Канализация құбырларының кесінді қималарының бірнеше түрлері кездеседі. Олардың 90 пайыздан көбі дөңгелек қима. Ал қалған түрлері сарқынды суды канализациялық ғимараттарға бөлу, тұнбаны тұнба өңдейтін қондырғыларға әкету үшін қолданылады. Сығылған қиындылар сарқынды судың шығыны көп және біркелкі, құбырдың тарту тереңдігі таяз болса қолданылады. Созылған қималар сарқынды судың шығындары біркелкі емес жағдайда қолданылады. Гидравликалық сипаттамасы жағынан алсақ, өткізу қабілеті жоғары болып дөңгелек қималар саналады, себебі бұлардың гидравликалық радиусы үлкен. Гидравликалық радиус дегеніміз ағынның қимасының ауданының суланған периметрге қатынасы:

$$R = \frac{\omega}{f}, \quad (40)$$

мұндағы ω —нақты қиманың ауданы, м³;

f –суланған периметр, м³.

Құбыр толық немесе жартылай толған кездегі гидравликалық радиус:

$$R = \frac{\omega}{x} = \frac{\Pi d^2}{4\Pi d} = \frac{d}{4} = 0,25d, \quad (41)$$

мұндағы R –гидравликалық радиус, м;

d –құбырдың диаметрі, мм.

Құбырларды гидравликалық есептеуге арналған формулалар

Гидравликалық есептеулерге максималды секундтық шығынға арналған құбыр диаметрін, ылдильғын, толу дәрежесін, арын жоғалуын, ағын жылдамдығын табу кіреді. Канализация құбырларын гидравликалық есептеу келесі ретпен есептеледі.

Шығынның тұрақтылық теңдеуі:

$$q = \omega \cdot v. \quad (42)$$

Ағынның жылдамдығын табуға арналған Шези теңдеуі:

$$v = C \cdot \sqrt{Ri}. \quad (43)$$

Үйкелу коэффициентін И.Павловский теңдеуі арқылы табамыз:

$$C = \frac{1}{n_1} \cdot R^y, \quad (44)$$

мұндағы $y = 2,5\sqrt{n_1} - 0,13 - 0,75(\sqrt{n_1} - 0,1)$;

Гидравликалық ылдильқты Дарси теңдеуі арқылы табамыз:

$$i = \frac{\gamma}{4R} \cdot \frac{v^2}{2g}. \quad (45)$$

Ал, үйкеліс коэффициентін γ келесі теңдеуден табамыз:

$$\frac{1}{\sqrt{\gamma}} = -21g \left(\frac{\Delta}{13,68R} + \frac{d_2}{Re} \right), \quad (46)$$

мұндағы R – гидравликалық радиус, м;
 ω – нақты қиынды көлемі, m^2 ; ;
 v – ағынның орташа жылдамдығы м/с;
 C – ұзындығы бойынша үйкелу коэффициенті,
 i – ағынның гидравликалық ылдильғы;
 n_1 – кедір-бұдырлық коэффициенті, құбырды материалына
 байланысты, $n_1 = 0,013 - 0,014$;
 γ – үйкеліс коэффициенті;
 g – еркін түсудің үдеуі, м/с;
 d_2 – құбырдың (науалардың) кедір-бұдырлығын ескеретін коэффициент;
 Δ – кедір-бұдырлық эквиваленті, см;
 Re – Рейнольдс саны
 Орташа жылдамдықты келесі формуламен анықтаймыз:

$$v_{op} = \frac{q}{\omega}, \quad (47)$$

мұндағы q – есептік шығын, m^3/c ,
 ω – нақты қиынды көлемі, m^2 .

Есептеу нәтежелері А.5 – кестеде анықталады.

Құбырдың өзін-өзі тазалайтын жылдамдығын қамтамасыз ету үшін ылдильқты қабылдау керек. ҚН-да құбыр диаметріне байланысты ылдильқтар көрсетілген.

Егер құбыр диаметрі белгілі болса, мына теңдеуден минималды ылдильқ анықталады :

$$i_{min} = \frac{1}{d}. \quad (48)$$

Құбырлардың минималды диаметрлері. Құбырлар мен науалардың толу дәрежесі

Құбырлардың диаметрлері гидравликалық есептеу негізінде алынады. Егер сарқынды су шығыны аз болса, онда құбыр диаметрін пайдалану талаптарына сәйкес қабылдайды.

Көше құбырларының диаметрі 200 мм-ден, ал аула құбырларының диаметрі 150 мм-ден енм болмауы керек. Минималды диаметр ҚН-да беріледі немесе ол есептік шығынға, канализация жүйесіне байланысты қабылданады.

Сарқынды су құбырларының жергілікті кедергілерін есептеу

Арынсыз канализациялық құбырлармен суды ағызу кезінде бұру, қосу, құлама, т.б жағдайларда пайда болатын кедергілерді есептеу қажет. Жергілікті кедергілер канализация құбырларында тіреп ағу туғызады. Соның кесірінен судың ағу жылдамдығын азайтып, құбыр түбінде тұнба түседі де, науаларды бітеп тастайды. Құбырлардың жергілікті кедергіде

арын жоғалтуы арқылы табылады. Жылдамдықтың күрт төмендеуі ағынның бұрылыс және қосылу алдындағы учаскелерде байқалады.

Сарқынды сулардың арынды құбырлардың есебі

Арынды құбырларды есептеу негізі-оның экономикалық тиімділігі мен арын жоғалуын табу. Құбырдың диаметрі мына теңдеулер арқылы табылады:

$$q = v \cdot \omega = v \cdot \frac{\Pi d^2}{4}, \quad (49)$$

$$v = \frac{q}{\omega} = \frac{4g}{d^2}, \quad (50)$$

$$d = \sqrt{\frac{4g}{\Pi v}}, \quad (51)$$

мұндағы q – шығын $\text{м}^3/\text{сек.}$;

v – ағынның жылдамдығы $\text{м}/\text{сек.}$

Арынды құбырдағы арын жоғалту H үйкеліске жоғалатын арын $h_{\text{үйк}}$, жергілікті кедергілерге жоғалатын арындар қосындысынан $\sum h$ тұрады:

$$H = h_{\text{үйк}} + \sum h. \quad (52)$$

Үйкеліске кететін арын жоғалту:

$$h_{\text{үйк}} = J \cdot L = L \frac{\lambda}{4R} \cdot \frac{v^2}{2g} = L \frac{\lambda}{d} \cdot \frac{v^2}{2g}, \quad (53)$$

мұндағы L – құбырдың ұзындығы, м ;

J – гидравликалық ылдилық ;

λ – үйкеліс коэффициенті.

Жуық есептеулерде ұзын құбырлардың жергілікті кедергілерге жоғалған арын қосындысын $\sum h_{\text{үйк}}$ үйкеліске жоғалған арынан $h_{\text{үйк}}$ 10-15 пайыз деп алады, сонда толық арын жоғалу табылады.

$$H = \frac{1,1}{J \cdot L}. \quad (54)$$

Есептеу нәтижелері А.5 – кестеде көрсетілген.

Өзі ағатын сарқынды су құбырлардың есебі

